

## Нотариустардың сынақтан өтушілері туралы Ереже

### *Күшін жойған*

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрі 1998 ж. 8 қаңтар N 3 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1998 жылғы 10 қаңтарда тіркелді . Тіркеу N 425. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 2003 жылғы 20 тамыздағы N 169 бұйрығымен (V032468).

" Б е к і т е м і н "

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Ә д і л е т м и н и с т р і

8 қаңтар 1998 ж. N 3

### **Нотариустардың сынақтан өтушілері туралы ЕРЕЖЕ**

1. Нотариустардың сынақтан өтушілері туралы Ереже (Әрі қарай мәтін бойынша "Ереже") нотариустардың сынақтан өтушілерінің сынақтан өту тәртібін , мерзімдерін және шарттарын реттейді.

2. Қазақстан Республикасының "Нотариат туралы" Заңының 7-бабына сәйкес нотариустың сынақтан өтушілері жоғары заңгерлік білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары бола алады.

3. Нотариус болуды қалаған адамдар Әділет біліктілік алқасына біліктілік емтиханын тапсырғанға кейін мемлекеттік немесе жекеше нотариустарда с ы н а қ т а н ө т е д і .

*Ескерту. 3-тармақ өзгертілді - ҚР Әділет министрлігінің 2000 жылғы 4 қазандағы N 78 бұйрығымен .*

4. Сынақтан өтуді қалау туралы арыздар:

- аумақтық әділет басқармасының бастығына - егер адам сынақтан мемлекеттік нотариуста өтуді қалаған жағдайда;

- аумақтық нотариалдық палатаға - егер адам сынақтан жекеше нотариуста өтуді қалаған жағдайда беріледі.

5. Мемлекеттік нотариустар ішінен сынақтан өтушілер басшысы аумақтық әділет басқармасы бастығының бұйрығымен, ал жекеше нотариустар ішінен - аумақтық нотариалдық палатаның шешімімен тағайындалады, мұнда сынақтан өтушілердің басшысында кемінде үш жыл стажы болуға тиіс.

Нотариуста бір мезгілде екеуден аспайтын сынақтан өтушілер сынақтан өте а л а д ы .

6. Сынақтан өту ұзақтылығы алты айдан кем болмауға тиіс.

Сынақтан өту мерзімі сынақтан өтушінің науқастану немесе дәлелді себептермен болмау мерзіміне ұзартылуға тиіс.

*Ескерту. 6-тармақ өзгертілді - ҚР Әділет министрлігінің 1999.05.28. N 39 бұйрығымен , 2000 жылғы 4 қазандағы N 78 бұйрығымен .*

7. Мемлекеттік нотариуста сынақтан өту аумақтық әділет басқармасы мен сынақтан өтуші арасында жасалатын сынақтан өту туралы шарттың негізінде жүзеге асырылады .

Жекеше нотариуста сынақтан өту аумақтық нотариалдық палата мен сынақтан өтуші арасында жасалатын сынақтан өту туралы шарттың негізінде жүзеге асырылады .

8. Сынақтан өту туралы шартта:

- сынақтан өтушінің құқықтары мен міндеттері;
- сынақтан өту орны ;
- сынақтан өту шарттары, тәртібі және мерзімдері;
- жұмыс уақытының режимі ;
- сынақтан өтуге ақы төлеу мөлшері, шарттары мен мерзімдері.

Мемлекеттік немесе жекеше нотариуста сынақтан өтуге ақы төлеу мөлшері сынақтан өтудің әр айы үшін үш еселік есептік көрсеткіштерінен кем болмауға тиіс .

Шартта сынақтан өтушінің мынадай негізгі міндеттері көрсетіледі:

- нотариалдық құжаттардың жобаларын дайындау бойынша;
- келушілерді қабылдау бойынша;
- ұсынылған құжаттарды құқықтық бағалау бойынша;
- азаматтар мен заңды тұлғаларға нотариалдық әрекеттер жасау мәселелері жөнінде кеңестер беру бойынша ;
- заңдарға есеп жүргізу және оларды кодификациялау жөніндегі жұмысты жүргізу бойынша ;
- құқықтық сипаттағы жазбаша түрдегі шегерулерге жауаптар дайындау бойынша ;
- санақтық есеп берушілікті талдау бойынша;
- архивтік істі жүргізу бойынша ;
- нотариалдық тәжірибені қорытындылауға қатысу және оларды іске асыру жөнінде ұсыныстар дайындау бойынша .

Шартта қолданылып жүрген заңдарға қайшы келмейтін басқа жағдайлардың да көзделуі мүмкін .

*Ескерту. 8-тармақ өзгертілді - ҚР Әділет министрлігінің 1999.05.28. N 39 бұйрығымен .*

9. Сынақтан өтуші сынақтан өту мерзімі аралығында:

- Қазақстан Республикасының заң шығарушылық және өзге нормативтік

құқықтық актілерін, сондай-ақ нотариаттың қызметін реттейтін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің актілерін;

- нотариустың ұжымда және клиенттермен кәсіби қызметтік және этикалық қарым-қатынастарының нормаларын оқуға тиіс.

10. Сынақтан өту аяқталысымен сынақтан өтушінің басшысы сынақтан өтушінің жалпы дайындық деңгейі, оның сынақтан өту барысында алған кәсіби білімдері мен іс жүзіндегі дағдылары көрсетілетін қорытынды жасайды. Қорытындыға сынақтан өтушінің басшысы қол қояды және ол (егер сынақтан өтуші мемлекеттік нотариуста сынақтан өткен болса) әділет басқармасының бастығымен, не (егер сынақтан өтуші жекеше нотариуста сынақтан өткен болса) нотариалдық палата төрағасымен бұрыштама қойылады және тиісті журналда т і р к е л е д і .

Қорытындының бір данасы осыған сәйкес әділет басқармасында немесе нотариалдық палатада сақтауда қалады, екіншісі сынақтан өткен адамға беріледі.

*Ескерту. 10-тармақ өзгертілді - ҚР Әділет министрлігінің 2000 жылғы 4 қазандағы N 78 бұйрығымен .*

11. *Тармақ алынып тасталды - ҚР Әділет министрлігінің 2000 жылғы 4 қазандағы N 78 бұйрығымен .*

12. Қазақстан Республикасы Президентінің " Лицензиялау туралы " 17.04.1995 жылғы, Заң күші бар Жарлығына сәйкес біліктілік емтихан тапсырған, бірақ " Нотариат туралы " Заңның негізінде сынақтан өтпеген адамдар осы Ережемен көзделген тәртіпте мемлекеттік немесе жекеше нотариуста сынақтан ө т у г е м і н д е т т і .

13. Жоғары заңгерлік білімі бар, нотариалдық қызмет құқығына лицензия алуды қалайтын әділет органдарының жұмыскерлеріне нотариалдық қызметке басшылық ету функцияларын жүзеге асыруға байланысты лауазымдарда осы әділет органдарында жұмыс істеу уақыты сынақтан өту мерзіміне есептеледі. Бұл адамдар аталған функцияларды жүзеге асыруға байланысты лауазымдарда кемінде бір жыл жұмыс стажы болған кезде біліктілік емтиханын тапсыруға ж і б е р і л е д і .

14. Осы Ереженің талаптары мемлекеттік нотариустарға және нотариус болып істеген адамдарға, егер олар бұл қызметте кемінде алты ай жұмыс істесе, қ о л д а н ы л м а й д ы .

*Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Әділет министрлігінің 2000 жылғы 4 қазандағы N 78 бұйрығымен .*

